



МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚОҒАМЫ
ОБЩЕСТВО МЕДИЦИНСКИХ РАБОТНИКОВ

«Үздік медицина қызметкері - 2025» республикалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында көптеген жылдар бойы денсаулық сақтау саласында қажырлы еңбек етіп жүрген медицина қызметкерлерін ынталандырып, сала үздіктерін анықтау мақсатында дәстүрлі **«Үздік медицина қызметкері - 2025» республикалық байқауы** өткізілуде.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар Қазақстан Медицина қызметкерлерінің Қоғамы тарапынан **«Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Мінсіз қызметі үшін», I және II дәрежелі «Ибн Сина», «Үздік медицина қызметкері», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», және «Үздік жас медицина қызметкері»** төсбелгісі қоғамдық наградаларымен марапатталады.

Байқауға құжаттар қабылдау мерзімі: 31.05.2025, сағат 21.00-ге дейін. (Астана уақытымен).

Құжаттары дұрыс рәсімделмеген және белгіленген уақыттан кешіккен қатысушылардың өтініштері қаралмайды.

Байқауға қатысушылар: Кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар барлық деңгейдегі (мемлекеттік және коммерциялық) денсаулық сақтау саласында қызмет жасайтын мамандар байқауға қатыса алады.

Байқауға төмендегідей жолдармен қатысуға болады:

1. **Өзін-өзі ұсыну арқылы;** Жеңімпаздар ашық конкурстық жүйе бойынша анықталатын болғандықтан Қазақстан Республикасы шеңберінде денсаулық сақтау саласында қызмет жасайтын мамандар конкурсқа өзін ұсыну арқылы қатыса алады.

Байқау шарттары: *(Барлық құжаттардың үлгісі қосымша тіркелді.)*

1. Байқауға қатысу үшін **Өтініш**. (Үлгісі тіркелді).
2. Үлгідегі **«Конкурстық кестені»** толтыру.
3. **«Қазақстан медицинасының өткені, бүгіні және болашағы: жетістіктер мен мәселелер»** тақырыбында эссе жазу. Көлемі 2 беттен аспауы шарт **НЕМЕСЕ «Медицина қызметкерінің бір күндік өмірі»** тақырыбында бейнеролик түсіру. Көлемі 10 минуттан аспауы шарт.

Барлық құжаттар **31 мамыр сағат 21.00-ге** дейін ҚМҚҚ-ның med-kogam@mail.ru электронды почтасына қабылданады.

Байқауға қатысу - тегін.

Байқау жеңімпаздары:

Байқау жеңімпаздарын арнайы жасақталған конкурстық комиссия мүшелері анықтайды.

Конкурсқа құжаттар қабылдау 31 мамыр сағат 21.00-де тоқтатылады.

Конкурстық комиссия жұмысы 1 маусым сағат 9.00-ден бастап, сағат 20.00-ге дейін 2 секция бойынша жүргізіледі.

Іріктеу кезеңінің баллдық жүйесі: Эссенің жазу көркемдік стилі, өзектілігі, тақырыпты ашуы, жеке тәжірибелеріне сүйене отырып, ұсыныстарын жеткізуі және т.б. – 10 балл, Бейнероликтің видео, аудио сапасы, сценарийі, мағынасы, тақырыпты ашуы және т.б. – 10 балл, кәсіби жетістіктері – 5 балл, ғылыми-әдістемелік бағыттағы жұмыс – 5 балл, қоғамдық-мәдени бағыттағы жұмыс – 5 балл, еңбек өтілі(тәжірибе) – 10 балл. «Үздік жас медицина қызметкері» наградасы үшін шекті балл – 25; «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «II дәрежелі Ибн Сина», Үздік медицина қызметкері», «Мінсіз қызметі үшін» марапаты бойынша – 30 балл; «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «I дәрежелі Ибн Сина» наградасы үшін – 35 балл.

Конкурс қорытындысы бойынша анықталған байқау жеңімпаздарына марапаттарын әзірлеу, ұйымдастыру жұмыстарына **қосымша жарна тағайындалуы мүмкін.**

Байқау қорытындысы: Іріктеу комиссиясының қорытынды хаттамасы **2 маусым** жарияланады. (Конкурстың қорытынды хаттамасын жариялау уақыты өзгеруі мүмкін).

Награда статусы(зандылығы): Денсаулық сақтау саласына тәуелсіз сараптама жасап, үздіктерін анықтап, оларды көтермелеу бағытында **қоғамдық сектордың маңыздылығы** зор. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестік туралы» Заңының 5, 12 және 19 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтарының кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандырып, үздіктерін анықтап, оларды ынталандыру мақсатында қоғамдық ұйымның Жарғысы бойынша қоғамдық наградалар тағайындалады. Марапат иегерлері ашық конкурстық жүйе бойынша, арнайы жасақталған комиссия шешімімен анықталады және табысталатын марапаттар **қоғамдық награда статусына ие.**

Сұрақтар бойынша:

Телефон: 8(705) 180 0037 + whatsapp.

Электронды почта: med-kogam@mail.ru

Үлгілер:

1.Өтініш(Қолмен немесе компьютермен теріліп, астына қол қойып, сканерлеп тіркейсіз)

«Үздік медицина қызметкері - 2025»
республикалық байқауының
ұйымдастыру комитетіне

Өтініш

Мен, Аманов Ғабит Балтабайұлы Астана қаласы «Мед-шип» клиникасының урологы Қазақстан Медицина Қызметкерлері Қоғамының ұйымдастыруымен денсаулық сақтау саласының үздік қызметкерлерін анықтап, оларды ынталандыру мақсатында өткізіліп жатқан **«Үздік медицина қызметкері - 2025»** республикалық байқауына ұсынған құжаттарымды қабылдауыңызды сұраймын.

Күні

Өтініш берушінің қолы.

2. Конкурстық кесте (Толтыру міндетті):

Аты-жөні	
Қатысушының фото-суреті (кестенің ішіне немесе қосымша тіркейсіз)	
Мекен-жайы (облыс, қала, аудан)	
Қызметі(мамандығы)	
Еңбек өтілі (еңбек кітапшасының бірінші және соңғы бетінің суретін кестенің ішіне немесе қосымша тіркейсіз)	
Академиялық/Ғылыми дәрежесі (болған жағдайда)	
Мемлекеттік және қоғамдық наградалары (болған жағдайда)	
Қатысушының кәсіби жетістіктері (медицина саласында, соңғы 5 жылдағы)	
Ғылыми-әдістемелік бағыттағы жұмыстары (ғылыми еңбектері, әдістемелік құралдары, басылымдарда жарияланған мақалалары және т.б.)	
Қатысушының қоғамдық-саяси, мәдени бағытта атқарған жұмыстары мен жетістіктері	

Байланыс нөмірі, эл.почта.	
-----------------------------------	--